



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ
ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ**

**«Д. СЕРІКБАЕВ атындағы ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН
ТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ»
КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК
ҚОҒАМЫ**

**ӘЛЕУМЕТТІК-МӘДЕНИ ҚЫЗМЕТ ЖӘНЕ ЖАСТАР
САЯСАТЫ БАСҚАРМАСЫ**

БЕКІТЕМІН

**«Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ КЕАҚ»
Басқарма Төрағасы-Ректор**

_____ Ж. Шаймарданов
_____ 2022 ж.

**«Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ» КЕАҚ МЕКТЕПТЕРДІҢ
(ФАКУЛЬТЕТТЕРДІҢ) СТУДЕНТТІК КЕҢЕСТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ
РЕГЛАМЕНТІ**

«ШҚТУ» КЕАҚ Р 121-І-2022

Өскемен
2022

<p align="center">«Д.Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті» Комерциялық емес акционерлік қоғамы</p>	<p align="center">Редакция: бірінші</p>
<p align="center">«ШҚТУ» КЕАҚ Р 121-І-2022 «Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ» КЕАҚ мектептердің (факультеттердің) студенттік кеңестерін қалыптастыру регламенті</p>	<p align="center">11-ден 2-ші бет</p>

Мектептердің (факультеттердің) студенттік кеңестерін қалыптастыру регламенті студенттік қызметтің маңызды мәселелерін шешу, әлеуметтік белсенділікті, волонтерлікті дамыту, әлеуметтік бастамалар мен жобаларды қолдау, белсенді азаматтық ұстанымды және студенттік өзін-өзі басқаруды дамыту мақсатында студенттік кеңес туралы Ережесі негізінде, ҚР Конституциясына, ҚР «Білім туралы» және «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» заңдарына, «ШҚТУ» КЕАҚ Жарғысына, «ШҚТУ» КЕАҚ сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартына, «ШҚТУ» КЕАҚ білім алушыларының академиялық адалдық кодексіне сәйкес әзірленді.

<p align="center">«Д.Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті» Комерциялық емес акционерлік қоғамы</p>	<p align="center">Редакция: бірінші</p>
<p align="center">«ШҚТУ» КЕАҚ Р 121-І-2022 «Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ» КЕАҚ мектептердің (факультеттердің) студенттік кеңестерін қалыптастыру регламенті</p>	<p align="center">11-ден 3-ші бет</p>

1. Мақсаты және қолданылу саласы	4
2. Нормативтік құжаттар	4
3. Терминдер мен анықтамалар. Қысқартулар	4
4. Жалпы ережелер	5
5. Мектептің (факультеттің) студенттік кеңесін құру	5
6. Сайлау рәсімі	6
7. Мектептің (факультеттің) студенттік кеңесінің қызметі	8
1-қосымша - Мектептің (факультеттің) студенттік кеңесінің мүшелігіне кандидаттың өтініш нысаны	10
2-қосымша – Өзгерістерді тіркеу парағы	11

«Д.Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті» Комерциялық емес акционерлік қоғамы	Редакция: бірінші
«ШҚТУ» КЕАҚ Р 121-І-2022 «Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ» КЕАҚ мектептердің (факультеттердің) студенттік кеңестерін қалыптастыру регламенті	11-ден 4-ші бет

1. Мақсаты және қолдану саласы

1. Осы Регламент ҚР Білім беру, мемлекеттік жастар саясаты саласындағы заңнамасына, ШҚТУ ішкі нормативтік-құқықтық актілеріне сәйкес әзірленді және мемлекеттік жастар саясатын іске асыру үшін мектептердің (факультеттердің) Студенттік кеңестерін қалыптастыру тәртібін және олардың жұмыс істеуінің жалпы шарттарын белгілейді. Регламент талаптары «Д.Серікбаев атындағы ШҚТУ» КЕАҚ (бұдан әрі – «ШҚТУ» КЕАҚ, Университет) барлық құрылымдық бөлімшелері үшін міндетті.

2. Ол «ШҚТУ» КЕАҚ ішкі нормативтік құжаты болып табылады және «Д.Серікбаев атындағы ШҚТУ» КЕАҚ Басқарма Төрағасы - ректорының рұқсатымен сапа менеджменті жүйесіне тексеру жүргізу кезінде сертификаттау органдарының аудиторлары, сондай-ақ, тұтынушы-әріптестерінен (олардың талабы бойынша) басқа Тараптарға ұсынуға жатпайды.

2. Нормативтік құжаттар

3. Регламентті әзірлеу кезінде мынадай нормативтік құжаттар пайдаланылды:

- 1) Қазақстан Республикасының Конституциясы;
- 2) «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 9 ақпандағы № 285-У Заңы (07.07.2020 ж. жағдай бойынша өзгерістермен);
- 3) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығымен бекітілген (29.12.2021 ж. жағдай бойынша өзгерістермен) жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары;
- 4) «Қазақстан – 2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты»;
- 5) Қазақстан Республикасының жастарын қолдау жөніндегі 2021 – 2025 жылдарға арналған кешенді жоспары;
- 6) «ШҚТУ» КЕАҚ Жарғысы;
- 7) «Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ» КЕАҚ Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты;
- 8) «Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ» КЕАҚ студенттерінің Академиялық адалдық кодексі;
- 9) «ШҚТУ» КЕАҚ Жастар ісі жөніндегі комитеті туралы ережесі;
- 10) «ШҚТУ» КЕАҚ-ның өзге де ішкі нормативтік құжаттары.

3. Терминдер мен анықтамалар. Қысқартулар

4. **Білім алушылар** – білім беру бағдарламаларын меңгеретін тұлғалар (студенттер, магистранттар, докторанттар).

<p align="center">«Д.Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті» Комерциялық емес акционерлік қоғамы</p>	<p align="center">Редакция: бірінші</p>
<p align="center">«ШҚТУ» КЕАҚ Р 121-І-2022 «Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ» КЕАҚ мектептердің (факультеттердің) студенттік кеңестерін қалыптастыру регламенті</p>	<p align="center">11-ден 5-ші бет</p>

5. Студенттік өзін – өзі басқару - университеттің басқару функцияларын жүзеге асыру бойынша студенттердің дербес қоғамдық қызметін ұйымдастыру нысаны, оны олар анықтайды және студенттік ұжымдардың алдында тұрған мақсаттар мен міндеттерге сәйкес жүзеге асырады.

Жастар ісі жөніндегі Комитет - студент жастардың құқықтары мен мүдделерін білдіру, қорғау, олардың іске асырылуына жәрдемдесу, студенттердің құқықтық, әлеуметтік-экономикалық және тұрмыстық мәселелерің шешу мақсатында құрылған әлеуметтік-мәдени қызмет және жастар саясаты жөніндегі Басқарманың құрылымдық бөлімшесі.

Қоғамдық студенттік бірлестік (бұдан әрі – студенттік бірлестік) - Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және «ШҚТУ» КЕАҚ Жарғысына қайшы келмейтін бастамашыл және дербес қоғамдық қызметті бірлесіп жүзеге асыру үшін құрылатын білім алушылардың ерікті бірлестігі.

Жетекшілік ететін құрылымдық бөлімше - өз жұмысының бағыты шеңберінде студенттік бірлестіктің қызметіне жәрдем көрсететін және бақылауды жүзеге асыратын құрылымдық бөлімше (басқарма/орталық және т.б.).

ӘМҚЖЖС - әлеуметтік-мәдени қызмет және жастар саясаты басқармасы.

Университет – «Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті» Комерциялық емес акционерлік қоғамы.

4. Жалпы ережелер

5. Осы Регламент ҚР Білім беру, мемлекеттік жастар саясаты саласындағы заңнамасына, «ШҚТУ» КЕАҚ ішкі нормативтік-құқықтық актілеріне сәйкес әзірленді және мемлекеттік жастар саясатын іске асыру үшін мектептердің (факультеттердің) студенттік кеңестерін қалыптастыру тәртібін және олардың жұмыс істеуінің жалпы шарттарын белгілейді.

6. Мектептер (факультеттер) кеңестері Университетті басқару мәселелері бойынша білім алушылардың мүдделерін білдіру үшін, оның ішінде университет мектептері (факультеттері) білім алушыларының құқықтарын қозғайтын жергілікті нормативтік актілерді қабылдау кезінде қалыптастырылады.

6. Мектептің (факультеттің) студенттік кеңесін құру

7. Мектептің (факультеттің) студенттік кеңесі «ШҚТУ» КЕАҚ әрбір мектебінде (факультетінде) азаматтығына, сондай-ақ, оқытуды қаржыландыру нысаны мен көзіне қарамастан, тиісті мектептің (факультеттің) білім алушылары қатарынан қалыптастырылады.

8. Мектептердің (факультеттердің) Студенттік кеңестері мүшелерінің саны мектептегі (факультеттегі) білім алушылар санына байланысты 10-нан 20-ға дейін білім алушы болуы тиіс.

«Д.Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті» Комерциялық емес акционерлік қоғамы	Редакция: бірінші
«ШҚТУ» КЕАҚ Р 121-І-2022 «Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ» КЕАҚ мектептердің (факультеттердің) студенттік кеңестерін қалыптастыру регламенті	11-ден 6-ші бет

9. Мектептің (факультеттің) студенттік кеңесінің мүшелерін тиісті мектептің (факультеттің) білім алушылары сайлайды.

10. Мектептің Студенттік Кеңесінің құрамына күндізгі бөлімнің әр түрлі курстарының студенттері кіруі керек. Әр курстан міндетті түрде кемінде 2 қатысушы болуы керек.

7. Сайлау рәсімі

11. Университеттің Студенттік Кеңесінің Төрағасы:

1) мектептің (факультеттің) студенттік кеңесінің өкілеттік мерзімі аяқталғанға дейін 60 (алпыс) күннен кешіктірмей мектептің (факультеттің) студенттік кеңесі мүшелерінің сайлауын өткізу күнін белгілейді және оны ӘМКЖЖС басқармасының басшысымен келіседі;

2) кемінде күнтізбелік 30 (отыз) күн бұрын «ШҚТУ» КЕАҚ мектептің (факультеттің) білім алушыларын сайлау күні туралы ақпаратты университеттің ресми ақпараттық арналарында «Интернет» ақпараттық–телекоммуникациялық желісінде орналастыру арқылы хабардар етуді ұйымдастырады.

12. Университет студенттік кеңесінің төрағасы университет студенттік кеңесінің жалпы жиналысында мектепте (факультетте) сайлауды ұйымдастыруды мектептің (факультеттің) студенттік кеңесі мүшелерінің біріне (бұдан әрі – сайлауды өткізуге жауапты) тапсырады.

13. Мектептің (факультеттің) студенттік кеңесінің мүшелігіне кандидат болып келесі критерийлерге сәйкес келетін мектептің (факультеттің) білім алушысы бола алады:

1) кемінде 1 (бір) академиялық қарызы бар;

2) университетте оқудың барлық кезеңі үшін тәртіптік жазалары жоқ;

14. Мектептің (факультеттің) студенттік кеңесінің мүшелігіне кандидаттар сайлау күні жарияланған күннен бастап 2 (екі) апта ішінде өз мектебінде (факультетінде) сайлау өткізуге жауапты адамға белгіленген нысандағы өтініш (1-қосымша) береді.

15. Осы Регламенттің 13-тармағында көрсетілген деректерді тексеруді ЖІК төрағасы тиісті мектепте (факультетте) сайлау өткізуге жауапты адамнан кандидаттардың берілген тізімдеріне сәйкес ӘМКЖЖС басшысының сұрауы бойынша жүзеге асырады.

16. ӘМКЖЖС басшысы кандидаттар туралы ақпаратты университеттің ресми ақпараттық арналарында «Интернет» ақпараттық–телекоммуникациялық желісінде орналастыруды ұйымдастырады.

17. Сайлау Нұр-сұлтан қаласының уақыты бойынша сағат 08:00-ден 23:59-ға дейін өткізіледі.

Дауыс беру әрбір мектеп (факультет) бойынша білім алушылардың жеке кабинеттерінде жеке өткізіледі.

<p align="center">«Д.Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті» Комерциялық емес акционерлік қоғамы</p>	<p align="center">Редакция: бірінші</p>
<p align="center">«ШҚТУ» КЕАҚ Р 121-І-2022 «Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ» КЕАҚ мектептердің (факультеттердің) студенттік кеңестерін қалыптастыру регламенті</p>	<p align="center">11-ден 7-ші бет</p>

Әрбір білім алушы мектептің (факультеттің) студенттік кеңесі мүшелерінің санынан аспайтын кандидаттар саны үшін дауыс беруге құқылы (осы Регламенттің 8-тармағына сәйкес).

18. Ақпараттық науқан дауыс беру күнінің алдындағы 7 (жеті) күнтізбелік күн ішінде өткізіледі.

19. Ақпараттық науқанды өткізу барысында кандидат құқылы:

1) білім алушыларды мектептің (факультеттің) студенттік кеңесінің жұмыс жоспарының және студенттік өзін-өзі басқаруды дамыту тұжырымдамасының әзірленген жобалары туралы хабардар етуге, оның ішінде университет аумағында кездесулер, тұсаукесерлер ұйымдастыруға;

2) бюллетеньдегі реттік нөмірді анықтау үшін жеребе тастауға қатысуға құқылы;

3) университеттің құрылымдық бөлімшелерінен басқа кандидаттармен бірдей ақпараттық қолдау алуға құқылы.

20. Ақпараттық науқанды өткізу барысында кандидат:

1) ӘМКЖЖС басшысымен өткізілетін презентациялар кездесулерінің күнін, уақытын, орнын, күн тәртібін және т. б., орналастырылатын материалдар мен өзге де іс-шаралардың форматын келісуге міндетті;

2) бюллетеньге енгізу үшін ӘМКЖЖС басшысы сұратқан ақпаратты ұсынуға міндетті.

21. Дауыстарды санау автоматты түрде жүргізіледі.

Сайлау нәтижелері статистикалық есеп форматында, әр кандидатқа берілген дауыстардың пайызы көрсетіле отырып, келесі жұмыс күні университеттің ресми ақпараттық арналарында «Интернет» ақпараттық–телекоммуникациялық желісінде жарияланады.

22. Сайлауда ең көп дауыс жинаған, бірақ сайлауда дауыс берген білім алушылар санының кемінде 5 (бес) пайызын құраған кандидаттар мектептің (факультеттің) студенттік кеңесінің мүшелері болады.

Сайлау жеңімпаздарының саны мектептің (факультеттің) студенттік Кеңесіндегі орындар санынан аспауы тиіс (осы Регламенттің 8-тармағына сәйкес).

Егер кандидаттар саны мектеп (факультет) Кеңесіндегі орындар санынан аз болса, онда мектеп (факультет) кеңесінің мүшесі болып сайлану үшін кандидат сайлауда дауыс берген білім алушылар санының кемінде 10 (он) пайызын жинауы қажет. Бұл ретте мектептің (факультеттің) студенттік Кеңесіндегі қалған орындары келесі кезекті сайлауда толтырылады.

23. Егер мектептің (факультеттің) студенттік кеңесінің құрамында орындардың 50 (елу) пайызынан кемі (оның ішінде осы Регламенттің 27-тармағына сәйкес мүшелік мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайларда) толтырылған болса, босатылған орындарға 60 (алпыс) күн ішінде қосымша сайлау өткізіледі.

24. Сайлаудан кейінгі бірінші жиналыста, ал өкілеттігі тоқтатылған күннен бастап 30 (отыз) күн ішінде мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда мектептің (факультеттің) студенттік кеңесінің мүшелері өз қатарынан мектептің (факультеттің) студенттік кеңесінің төрағасын және мектептің (факультеттің) студенттік кеңесі

<p align="center">«Д.Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті» Комерциялық емес акционерлік қоғамы</p>	<p align="center">Редакция: бірінші</p>
<p align="center">«ШҚТУ» КЕАҚ Р 121-І-2022 «Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ» КЕАҚ мектептердің (факультеттердің) студенттік кеңестерін қалыптастыру регламенті</p>	<p align="center">11-ден 8-ші бет</p>

төрағасының орынбасарын, сондай-ақ «ШҚТУ» КЕАҚ студенттік кеңесі туралы Ереженің 18-тармағына сәйкес университеттің студенттік Кеңесіне жіберілетін қосымша өкілдерді таңдайды.

8. Мектептің (факультеттің) студенттік кеңесінің қызметі

25. Мектептің (факультеттің) студенттік кеңесінің мүшелері:

- 1) мектептің (факультеттің) студенттік кеңесі жұмысының бағыттары бойынша бастамаларды ұсынады және жүзеге асырады;
- 2) мектептің (факультеттің) студенттік Кеңесінің қызметіне қатысты мектеп (факультет) деканаты шешімдерінің жобаларымен танысады;
- 3) мектептің (факультеттің) студенттік кеңесінің жобаларын іске асыруға қатысады және мектептің (факультеттің) студенттік кеңесі төрағасының немесе төраға орынбасарының сұрауы бойынша атқарылған жұмыс туралы есеп береді;
- 4) білім беру процесіне байланысты барлық мәселелер бойынша мектептің (факультеттің) білім алушыларымен өзара іс-әрекет жасайды;
- 5) мектептің (факультеттің) студенттік кеңесінің жиналыстарына қатысады.

26. Мектептің (факультеттің) студенттік кеңесінің төрағасы:

- 1) мектептің (факультеттің) студенттік кеңесінің қызметін басқарады;
- 2) мектептің (факультеттің) студенттік кеңесінің бекітілген жұмыс жоспарларын іске асыруын қамтамасыз етеді және олардың іске асырылу сапасына жауап береді;
- 3) мектептің (факультеттің) студенттік кеңесі мүшелерінің қызметін үйлестіруді жүзеге асырады, олардың жұмысына жағдай жасайды;
- 4) білім алушылардың құқықтарын қозғайтын жергілікті нормативтік актілерді қарауға қатысады;
- 5) осы органдардың қызметін регламенттейтін жергілікті нормативтік актілерге сәйкес үйлестіру және кеңесу органдары мен комиссиялардың жұмысына қатысады;
- 6) мектептің (факультеттің) студенттік кеңесінің құзыретіне және қызметіне қатысты мәселелер қаралатын кеңестерге, конференцияларға қатысады;
- 7) жыл сайын, оның ішінде мектептің (факультеттің) Ғылыми кеңесінің отырыстарында атқарылған жұмыс туралы есеп береді;
- 8) мектептің (факультеттің) студенттік кеңесі мен мектеп (факультет) деканатының кездесулерін ұйымдастырады;
- 9) мектептің (факультеттің) студенттік кеңесінің және білім алушылардың қызметіне қатысты жергілікті нормативтік актілер туралы кеңес мүшелерін хабардар етеді.

27. Мектептің (факультеттің) студенттік Кеңесіне мүшелік келесі жағдайларда мерзімінен бұрын тоқтатылуы мүмкін:

- 1) өз еркімен өкілеттігін доғару;
- 2) университет білім алушысының мәртебесін жоғалту, оның ішінде оқудың аяқталуына байланысты оқудан шығару, сол күнтізбелік жылда университеттің

<p align="center">«Д.Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті» Комерциялық емес акционерлік қоғамы</p>	<p align="center">Редакция: бірінші</p>
<p align="center">«ШҚТУ» КЕАҚ Р 121-І-2022 «Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ» КЕАҚ мектептердің (факультеттердің) студенттік кеңестерін қалыптастыру регламенті</p>	<p align="center">11-ден 9-ші бет</p>

магистратура немесе докторантура бағдарламалары бойынша оқуды жалғастыру үшін түсу жағдайларынан басқа;

3) 1 (бір) оқу семестрі ішінде 2 (екі) және одан да көп сәгістің болуы.

28. Мектептің (факультеттің) студенттік кеңесі төрағасының өкілеттігі келесі жағдайларда мерзімінен бұрын тоқтатылуы мүмкін:

1) осы Регламенттің 27-тармағы негізінде мектептің (факультеттің) студенттік кеңесі мүшесі мәртебесінің тоқтатылуы;

2) мектептің (факультеттің) студенттік кеңесінің жиналысында ашық дауыс беру жолымен қабылданған өкілеттікті тоқтату туралы шешім негізінде-кемінде 3/4 (төрттен үш) дауыс; шешім хаттамамен ресімделеді;

3) «ШҚТУ» КЕАҚ студенттік кеңесі туралы Ереженің 36 тармағына сәйкес.

«Д.Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті» Комерциялық емес акционерлік қоғамы	Редакция: бірінші
«ШҚТУ» КЕАҚ Р 121-І-2022 «Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ» КЕАҚ мектептердің (факультеттердің) студенттік кеңестерін қалыптастыру регламенті	11-ден 10-ші бет

**Мектептің (факультеттің) студенттік кеңесінің мүшелігіне кандидаттың
өтініш нысаны**

«Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ» КЕАҚ
мектептің (факультеттің) студенттік Кеңесіне
20 __ жылғы сайлау
жүргізуге жауапты

(мектеп/факультет аббревиатурасы)

(Тегі, Аты-Жөні)

кімнен _____

(Өтініш берушінің Т. А. Ә. - толық)

Мектептің (факультеттің) студенттік кеңесінің мүшелігіне кандидаттың өтініші

(Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ атындағы мектептің (факультеттің) атауы)

Аты-ЖӨНІ – толық	
Туған күні	
Мектеп (факультет)	
Академиялық топ	
Ұялы телефон нөмірі	
Электрондық пошта	
Әлеуметтік желілердегі параққа сілтеме	
Қосымша мәліметтер	

«__» __ 20__ ж.
(күні)

(қолы) (өтініш берушінің Тегі, аты-Жөні)

